



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларына өзгеріс енгізу туралы

Астана қ.

2025 жыл, 28 наурыз

Ұлттық Банк «Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 Басқарма қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Ұлттық Банктің Басқарма қаулысының жобасы (бұдан әрі – Жоба) әзірленгенін хабарлайды.

Қазіргі уақытта теңгеге қолма-қол шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату бағамы туралы мәліметтерден тұратын айырбастау пункттерінің сыртқы ақпараттық стендтері сыртқы (көрнекі) жарнамаға жатпайды және тиісінше олар жол бойында, жаяу жүргіншілер жолында, ғимараттардың қасбетінде, жол белгілерінің үстінде және қоғамдық орындарда орналастырылады. Кейбір жағдайларда ақпараттық стендтер орнату көлік қозғалысында қауіпсіздік талаптарын бұзады, жол қозғалысына қатысушыларға жол жағдайын қабылдауға кедергі келтіреді.

Осыны ескере отырып, жобада аталған ақпараттық стендтерге қойылатын талаптарды қайта қарау көзделіп отыр. Соған сәйкес қолма-қол шетел валютасын сатып алу және (немесе) сату бағамы туралы ақпарат айырбастау пунктінің үй-жайы ішінде ғана орналасуы керек.

Қаулы жобасының толық мәтінімен [«Ашық НҚА»](#) порталында танысуға болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz